

«Текті Торғай» жобасы

«Текті Торғай» жобасы кітапхана пайдаланушыларына ақпараттық қызмет көрсетуді жетілдіруге және өлкетану қорын жүйелі түрде дамытуға бағытталған. Жоба аясында туған өлке, оның тарихы, мәдениеті мен көрнекті тұлғалары туралы мәліметтерді іздеу, жинақтау, өңдеу және сақтау жұмыстары кешенді түрде жүзеге асырылады. Алдағы уақытта жоба өлкетану бағытындағы толықмәтінді дерекқор қалыптастыруға, соның ішінде арнайы электрондық кітапхана құруға негіз болады. Бұл пайдаланушыларға бірегей материалдарға кең әрі қолайлы қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Жобаның мақсаты: туған өлкенің тарихи-мәдени мұрасын сақтау, зерттеу және насихаттау, сондай-ақ пайдаланушыларға өлкетану ақпараттарына кең қолжетімділікті қамтамасыз ету.

Жобаның міндеттері:

- ✓ өлкетану материалдарын анықтау бойынша іздестіру-зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- ✓ өлкетану құжаттарының қорын қалыптастыру, жүйелеу, сақтау және пайдаланушыларға ұсыну;
- ✓ өлкетану бағытындағы анықтамалық-библиографиялық аппаратты дамыту;
- ✓ электрондық деректер базалары мен цифрлық коллекциялар қалыптастыру;
- ✓ сирек және құнды басылымдарды цифрландыру, толықмәтінді электрондық дерекқор қалыптастыру;
- ✓ библиографиялық өнімдер (көрсеткіштер, шолулар, анықтамалықтар) дайындау және басып шығару;
- ✓ өлкетану бағытындағы көрмелер мен көпшілік іс-шаралар ұйымдастыру;
- ✓ бұқаралық ақпарат құралдары және интернет-ресурстар арқылы өлкетану білімдерін насихаттау;
- ✓ кітапхана қызметіне заманауи ақпараттық технологияларды енгізу.

Жобаны іске асырудың негізгі бағыттары:

- ✓ толықмәтінді дерекқор құру;
- ✓ электрондық каталог пен деректер базаларын әзірлеу және толықтыру;
- ✓ тақырыптық көрмелер мен ақпараттық стендтер ұйымдастыру;
- ✓ мәдени-ағартушылық іс-шаралар өткізу;
- ✓ онлайн-контентті дамыту (виртуалды көрмелер, цифрлық жобалар, жарияланымдар).

Күтілетін нәтижелер:

- ✓ өлкетану басылымдарының толықмәтінді электрондық кітапханасы қалыптасады;
- ✓ өңірдің тарихы мен мәдениеті бойынша қолжетімді электрондық деректер базасы жасалады;

- ✓ кітапхананың ақпараттық қызмет көрсету сапасы мен қолжетімділігі артады;
- ✓ пайдаланушылардың өлкетануға қызығушылығы өседі;
- ✓ өңірдің тарихи-мәдени мұрасы сақталып, кеңінен насихатталады;
- ✓ цифрлық технологияларды енгізу арқылы аудитория кеңейеді;
- ✓ кітапхананың заманауи ақпараттық-мәдени орталық ретіндегі рөлі нығаяды.